



ӘОЖ 37.013: 001.895

Талипова Ф.О.

**ҚАЗАҚ  
ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ  
НЕГІЗІНДЕ  
СТУДЕНТТЕРДІҢ ІЗГІЛІКТІК  
ДҮНИЕТАНЫМЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

*В статье рассматриваются  
вопросы формирования мировоззрения  
студентов на основе нравственной  
ценностей казахской этнопедагогике.*

*The questions of formation of world  
outlook of students on the basis of moral  
value of Kazakh national pedagogy is  
considered in this article.*

Жоғары оқу орындары студенттерінің гуманистік көзқарастарын қалыптастыру жоғары мектеп педагогикасының аса маңызды міндеттерінің бірі. Осы мақсатта гуманистік көзқарастың ізгіліктік компоненттерін анықтау, сол арқылы студент жастарды ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеудің басты педагогикалық шарты ретінде қазақ этнопедагогикасының құралдарын пайдалану нәтиже береді деп ғылыми болжам жасалған болатын. Болжамға сәйкес студенттердің жас ерекшеліктері мен азаматтық парызы және таңдаған мамандықтары мен танымдық қызметтері арасында белгілі заңдылықтар мен байланыстарын ескеру қажеттігіне сәйкес, олардың рухани құндылықтар мен гуманистік тәрбие туралы көзқарастарының басты бағыттарын айқындау мақсатында анықтаушы педагогикалық эксперимент жүргізу міндеті қойылады.

Біз жоғарыда теориялық ұстанымдар мен тұжырымдарға талдау жасау негізінде тәрбие мен көзқарастың ара қатынасын ажыратып, тәрбиенің қандай да бір көзқарасты негізге алатынын айтқанбыз. Онда жеке адам тұлғасын дамыту туралы педагогикалық ой-пікірлері тәжірибиеде тексеріліп, дұрыс-бұрыстығы анықталмағандықтан көзқарас дәрежесіне көтерілмей, адамды тәрбиелеу идеясы деңгейінде қалған. Осы тұрғыда көзқарас ұғымының дүниетанымдық аясында кең екендігі айтылып, жеке адам тәрбиесіне әдіснамалық бағдар болатыны көрсетілді. Сондықтан ЖОО студенттерінің гуманистік көзқарасы олардың адамгершілік тәрбиесіне құндылық бағдырын көрсетуші әдіснамалық негіз бола алады деп саналады. ҚР-да 1997-1998 жылдарда жүргізілген социологиялық зерттеулердің нәтижелерінде «Қандай құндылықтар сіз үшін басымдылық танытылады?» деген сұраққа респонденттердің 18,8% - отбасы, 8,1% - ақша, 2,6% - руханилық, ал 0,7% (ен төмен пайыз) - патриотизм деп жауап берген. Бұдан біз, әлі де болса, республика халқы отбасылық өмірге аса мән беріп, ақша, байлық секілді материалдық құндылықтарды патриотизм, демократия сияқты рухани құндылықтардан жоғары қоя бастағанын көреміз. Осындай, құндылықтарды қайта балау кезеңінде руханилықтың төмендеуі әр дәуірден орын алатын келеңсіздіктер екені белгілі болды.

Жеке тұлға дамуының гуманистік теориясына сай (А. Маслоу, К. Роджерс) жеке адам дамуының ең жоғары деңгейі оның өзін-өзі актуальдандыруы болып табылады. Адамның сапалық даму сатыларының иерархиялық жүйесінде адамның туа біткен потенциалын қолайлы жағдайда іске асыруға, барлық тұлғалық



мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін барынша ашуға және дамытуға ұмтылысты өзін-өзі актуальдандыру арқылы қол жеткізуге болатыны, яғни жеке тұлғаның өзін-өзі бағалау және өзінің мәнділігін сезініп, соған баламалы іс - әрекет жасауға мүмкіндік беретін гуманистік қатынас пен көзқарас жүзеге асырылады деп көрсетілген. Егер адамда өмір мен мақсаттар ретінде жоғары қажеттіліктері болса, онда өзін -өзі актуальдандырудың көптеген жолдары олардың шындықты, сұлулықты, қайырымдылықты, әділеттілікті мойындауы арқылы жүзеге асырылады деп айтқанда тұрақты гуманистік көзқарас қалыптасады.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Қ.А. Яссауи атындағы ҚТМУ, Тараз институты, «Әулие - Ата» университетінде өткізілген зерттеу жұмыстарында студенттерге «Рухани және материалдық құндылықтарды дегенімізді қалай түсінесіз?», «имандылық, адамгершілік, ізгілік, руханилық, парасаттылық, әділеттілік, рақымдылық, қайырымдылық т.б. секілді адам бойындағы ізгі қасиеттерді қалай түсінесіз?», «Рухани және ұлттық мәдениет, этникалық құндылықтар, рухани-өнегелік ізгіліктер, тәрбиенің жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениетпен байланысы туралы ой-пікіріңіз», «Достық пен махаббат, жақсылық пен жамандық, қайырымдылық пен зұлымдылық, адалдық пен екіжүзділік, ұлтшылдық пен отансүйгіштік, сенім мен сенімсіздік т.б. қарама-қарсы мағыналы жеке адам қасиеттерінің ізгіліктік мазмұнын көрсететін қасиеттердің мәнін ашып көрсетіңіздер», «Ізгіліктік және гуманистік көзқарастардың айырмашылығы неде?», «Жетілген адам мен өзінің мәнділігін сезіну дегенімізді қалай түсінесіз?», т.б. сұрақтарға анкета, тест арқылы жауаптар алырынып, оларға сандық және сапалық талдаулар жасалынды. Зерттеуге жоғарыда аталған ЖОО-ның 300 студенті қатыстырылды. Мамандану ерекшеліктері бойынша педагогикалық гуманитарлық сала студенттерінің гуманистік көзқарастарының қалыптасу деңгейлері анықталды. Аталған анықтаушы эксперимент болашақ мамандардың гуманистік тәрбие мазмұнының құндылық негіздерін қаншалықты түсініп, оған эмпирикалық және теориялық ұстанымдарға сай ғылыми негізделген жауаптар бере алатынын анықтауы тиіс, олардың және гуманистік көзқарастарының қалыптасу дәрежесі мен құндылық бағдарларының рухани деңгейін анықтау мақсаты қойылған болатын.

Алынған жауаптарды өңдеу арқылы студенттердің гуманистік тәрбие мен көзқарас, олардың ізгіліктік компоненттері туралы түсініктері біркелкі болмады және бірде-бір студент гуманистік көзқарастың құрылымдық мазмұнын көрсете алмады. Бақылауға алынған студенттердің 75 % (225) гуманистік көзқарасты адамгершілік тәрбиесімен, 10 % (30) азаматтық борышымен шатастырды, 8% (24) өз әрекетінен басқа адамдардың зиян шекпеуі деп түсіндірді, 7 % (21) өз қызметіме адал болу жеткілікті, ал гуманистік көзқарас кейін қалыптасады деп жауап берді, халық педогогикасының тәлім-тәрбие жүйесі, оның ізгіліктік тәжірибесі туралы қарапайым мысалдармен шектелді.

Ал студенттердің жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға берген түсініктерінде біркелкілік анықталды. Студенттердің төрттен үш бөлігі (225) өздерінің бүгінгі өмірге аса риза еместігін және болашақтағы келешекке күдікпен қарайтындарын айтты. Ең алдымен олар барлық адами жақсылықтар мен заттық ғанибеттерді өзі және өз жанұясы үшін қалайды екен. Бірақ еліміздегі барлық қазіргі қоғамдық формацияның басты құндылықтарын және олардың сипаттарын ажырата алмайтындықтарын көрсетті. Сонымен бірге, олар қоғамның шарттылықтарын ортаға лайықты толық қабылдай алатынын байқатады, өйткені олар өз тілектерін іске өздері асыра алуға мүдделі. Әлеуметтік, нәсілдік және жыныстық теңсіздіктерге қарсы, олар тең құқылықты қолға алды, сонымен бірге біркелкі мәдениетті ортаға қажетті шарттылық тудырғаны дұрыс деп санайды.

Олар адалдық сияқты дәстүрлі рақымшыларды сыйлайды, бірақ моральдық стандарттардың нормаларын білмейді, яғни мақтай да жамандай да алмайды.

Олар әдеттегі діни сенімдер мен дәстүрлердің ізгіліктік сипатын сақтау қажеттілігі туралы сөйлейді, бірақ олардың сенімдері мен күдіктері ауысып жататыны байқалады (27%). Олар әлеуметтік саясат пен үкіметке ықпал етуге аса көп талпынбайды. Олардың азаматтық жауапкершілік сезімдері тек қана таңдаулар мен сайлауларға қатысу міндеттілігімен шектеледі (65%). Олардың ойынша, жақын арада елімізде үлкен экономикалық, саяси өсу болуы мүмкін, бірақ халықаралық өзекті мәселелер оларды аса аз толғандырады. Студенттер тек өздері ғана шеше алатынын интеллектуалды ой жүгін бағалауға бағдарланған. Жоғары дәрежелі маман болу, әлеуметтік статусқа ие болу және уақытты қызық өткізу оларды ерекше қызықтырады (98%).

Студенттердің құндылықтарының салыстырмалылығын зерттеу мақсатында олардың өз өмірбаянын 30 жылға есептеп қалай жазып көрсете алатынын талап еттік. Студенттердің барлығына



жуығы (92%) тамаша шыншыл, ашық, сенгіш және ынтымақтастыққа дайын емес екендігін көрсетеді. Олардың барлығы дерлік көбірек байлық пен мол меншікті өмір, ұлттық әл-ауқаттылық немесе адамзат тағдырын шешуден гөрі, олар өз басының тыныштығын қалады. Болашаққа деген мазмұн түрлері қоғамдық сипатта жеке басқа қатысты болды, әрекетке өз бетінше араласуда енжар қасиеттерді көп танытты. Біздің қоғамымыздың бүгінгі үлгісі дейді олар - жалғыз мақсатқа толық бағыну, яғни пайдалы өндірісті кеңейту.

Зерттеу жұмысымызда студенттердің гуманистік көзқарасының рухани құндылықтық бағдарларының уақыт талабына байланысты өзгеру мүмкіндіктерін анықтау үшін елімізде 1997 – 1998 жылдарда жүргізілген социологиялық зерттеулердегі құндылықтар мазмұнын қайта ұсынып,

2004 – 2005 жылдарда қазақстандық жастардың құндылық бағдарларының қандай сипат алғанын айқындауға әрекеті жасалынды. Алынған жауаптарды талдау арқылы және оларды 1997–1998 жылдардағы нәтижелермен салыстыру барысында мынадай кестелік көрсеткіштер дайындалды.

*Студент жастардың гуманистік көзқарасының құндылықтық мазмұнының уақытқа бағдарлану көрсеткіштері:*

Құндылық бағдар	1997-1998ж.ж	2007-2008ж.ж
1. Отбасы	18,8%	34,6%
2. Өмір	11,7%	26,3%
3. Аман-есендік	10,3%	19,0%
4. Ақша	8,1%	11,2%
5. Ар-ұят, ұждан	7,4%	8,3%
6. Еңбек	6,6%	8,1%
7. Жеке намыс	6,4%	6,7%
8. Еркіндік	6,0%	6,7%
9. Қауіпсіздік	5,3%	6,0%
10. Адамгершілік	4,9%	7,4%
11. Заңдылық	3,9%	14,5%
12. Тәуелсіздік	3,7%	5,3%
13. Руханилық	2,6%	3,7%
14. Теңдік	2,5%	2,9%
15. Демократиялық	1,0%	2,0%
16. Патриотизм	0,7%	3,1%
17. Жауап берілмеген	0,3%	

Бұл жауаптардан байқағанымыз, қазақстандықтар негізінен саяси құндылықтарға қарағанда дәстүрлі жалпы адамзаттық және рухани құндылықтарға көңіл бұра бастаған. Бұның өзі 2007 – 2008-ші жылдардың басында қоғамдық сананың тұрақтала бастауының көрінісі болып табылады. Бірақ, екінші жағынан жауап бермеушілердің көбісі өздерінің жеке басының, немесе отбасының мәселелерін оқшаулана жүріп шешуге кіріскен сынайлары байқалады. Сонымен бірге, респонденттердің анкеталарында көрсетілген жауаптарында «махаббат», «әсемдік», «өнер», «мәдениет», «дін», «достық» деген ұғымдарды тек жалпы адамзаттық құндылықтарға жатқызып, оларды ұлттық құндылық ретінде тандап көрсетпеуі алаңдатады.

Зерттеу жұмысы барысында алынған мәліметтерді өңдеу арқылы ЖОО білім беру мазмұнын гуманитарландыруға жеткілікті көңіл аударылмайтынына назар аударылды. Қазақ халық педагогикасының жас ұрпақ тәрбиесіндегі бай мұралары білім және тәрбие процестерін ұйымдастыруда жеткілікті пайдаланбайтындығының растығына көз жеткізу үшін Қазақстанда ЖОО оқытылатын пәндердің, оның ішінде гуманитарлық пәндердің оқытылу мазмұнына талдау жасалынды. Зерттеу нысанының, яғни ЖОО студенттердің гуманистік көзқарасын қалыптастырудың саясаттануы мен қолдан шектелу мүмкіндігінің бар екендігі белгілі болды.



**Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытуда 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы. – Астана, 2004.
2. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 1994.
3. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. – Алматы, 2001.
4. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы, 1995.
5. Қожахметова К.Ж. халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы, 1993.
6. Мағауова А.С. Подготовка будущего учителя к использованию прогрессивных традиции народной педагогики. Автореф.дисс. к.п.н. ... – Алматы, 1998.
7. Әбдікәрім А. Ұлттық педагогика негізінде оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру. Авторев. Дис. К.п.н. – Алматы, 1993.
8. Қоңыратбаева Т. халық педагогикасы және оқу-тәрбие ісіне ендіру жолдары. – Алматы, 1995
9. Төлесубекова Р. Қоғам дамуының жаңа кезеңдеріндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық - әдіснамалық негізі. – Алматы, 2001.
10. Сәрсенбаев Б. Проблемы использования прогрессивных идей и опыта казахской народной педагогика в подготовке детей к школе в семейном воспитании. Автореф. – Алматы, 1987.
11. Кенжахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Рауан 1995.
12. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – А., 1997.
13. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. – Алматы: РБК, 1995.